

Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 13-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 08 мамырда N 5-16-75 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі N 23-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010.07.27 N 23-9 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 6 бабының және Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 55, 56 баптарының негізінде Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың «Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 қазандағы № 8-7 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн тізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж.Бұзаубаев

Тарбағатай

аудандық

Мәслихатының хатшысы

М.Мағжаев

Тарбағатай аудандық мәслихатының
2009 жылғы 24 сәуірдегі
№ 13-7 шешімімен бекітілді

Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Нұсқаулығы

Осы Нұсқаулық Тарбағатай ауданының аумағындағы азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуді белгілейді.

1. Жалпы ереже

1. Аудан көлеміндегі әрбір ауыл округінде тұратын соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің үйін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін қаржылай көмек сұрап берген өтінішке сәйкес әрбір ауыл округі әкімдерінің аудан әкіміне қаржы бөлдіруге жазған ұсынысы негізінде соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін аудандық бюджеттен қаржы бөлінеді.

2. Әлеуметтік көмек тағайындау

1. Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін қаржы бөлуге қажетті құжаттар:

- Соғысқа қатысушы немесе соғыс мүгедегінің ауыл, кент округі әкіміне үйін ағымдағы жөндеуден өткізу жөніндегі өтініші.

- А қ а у л ы ғ ы ж ө н і н д е а к т .

- Ауыл, кент округі әкімдерінің соғысқа қатысушы немесе соғыс мүгедегінің үйін ағымдағы жөндеуге қаржы бөлдірту туралы аудан әкіміне ұсынысы.

2. Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің үйлерін ағымдағы жөндеуге қаржы сұрауға үміттенген адам (бұдан әрі өтініш беруші) жазбаша өтініш беріп, аталған көмекті алу құқығын растайтын құжаттарды ұсынады. Учаскелік комиссия қажет болғанда отбасының көмекті алу құқығы немесе бас тарту және мөлшері жөніндегі қорытынды шығарады. Құжаттар Тарбағатай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсырылады.

3. Материалдық көмекті төлеу

1. Әлеуметтік көмекті төлеу жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен жүргізіледі және өтініш берушілердің жеке шоттарына түседі.

2. Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін бөлінген қаржыны тарату аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен аудандық «Қазпочта» ашық акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы жүргізіледі.